



«Бекітемін»

Оқу әдістемелік жұмыстар  
жөніндегі проректор  
А.Т.Жүнісов

04 2020ж.

**2019-2020 оқу жылында қашықтықтан білім беру  
технологияларын қолдану арқылы қорытынды аттестаттау  
ұйымдастыру және өткізудегі кафедра меңгерушісіне  
арналған Нұсқаулық**

**1 Қадам**

Кафедра меңгерушісі білім беру бағдарламасының өзіндік ерекшелігі мен айрықшалығын ескере отырып, шолу лекциялары басталғанға дейін екі ай бұрын қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы өткізілетін білім беру бағдарламасының әрбір кешенді емтиханының бағдарламасын, білім беру бағдарламасының әрбір кешенді емтиханының сұрақтар тізбесін, кешенді емтихандарды қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы тапсыру кезіндегі бітіруші курс студенттеріне арналған нұсқаулықты талқылауға және бекітуге міндетті.

**2 Қадам**

Білім алушыларды қорытынды аттестаттаумен таныстыру және дайындау мақсатында кафедра меңгерушісі гуглклассрумда орналастыру үшін шолу лекциялары басталғанға дейін бір ай бұрын қорытынды аттестаттау комиссиясының техникалық хатшысының @gmail.com электронды поштасына келесі құжаттарды жіберуге міндетті:

1. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы өткізілетін әрбір білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтиханның бекітілген бағдарламалары (сканерленген көшірмелер).
2. Білім беру бағдарламасы бойынша қашықтықтан білім беру технологияларын қолданып кешенді емтихан ұйымдастыру және өткізу жөнінде бекітілген әдістемелік ұсынымдар (сканерленген көшірмелер).
3. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы кешенді емтихан тапсыру кезіндегі білім беру бағдарламасын бітіруші курс білім алушыларының нұсқаулығы (сканерленген көшірмелер).
4. Әрбір білім беру бағдарламасының кешенді емтиханының сұрақтар тізбесі (сканерленген көшірмелер).

### 3 Қадам

Кафедра меңгерушісі институт директорымен бірлесіп, бітіруші курс студенттерінің университеттегі барлық оқу кезеңіндегі оқудағы жетістіктерін айқындау, оқу пәндерінен, оқу ақысына, жатақханада тұрғаны үшін қарыздарын анықтау мақсатында контингентінің қозғалысына талдау жасайды, есеп бөлімімен және тіркеуші-офиспен салыстыру жүргізеді.

### 4 Қадам

Кафедра меңгерушісі шолу лекциясын оқитын оқытушылардың аты-жөнін ұсынады, оларды өткізу сапасына бақылау жасайды.

Кафедра меңгерушісі қашықтықтан оқыту технологияларын қолданып шолу лекцияларын жүргізуге бақылау жасайды.

Кафедра меңгерушісі шолу лекциялары басталғанға дейін екі апта бұрын оқытушылар арасында шолу лекцияларының бейнежазбасын жасап, соңынан оларды Қорқыт Ата атындағы ҚМУ арнасында YouTube [https://www.youtube.com/channel/UCQQnTfBQGxitNn5Y2toRruA?view\\_as=subscriber](https://www.youtube.com/channel/UCQQnTfBQGxitNn5Y2toRruA?view_as=subscriber) сілтемесі бойынша орналастыруды ұйымдастырады.

### 5 Қадам

Кафедра меңгерушісі ұйымдастырады:

- мемлекеттік емтихандардың қорытынды аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ТАӘ көрсетілген хаттамалары мен ведомостарында олардың электронды қолтаңбаларын алғаны туралы «Құжатайналымы» АЖО арқылы баянат беруді;

- кешенді емтихан аяқталған күні техникалық хатшымен бірге тіркеуші-офиске қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қолдарын қойған электронды емтихан ведомостерін беруді;

- кешенді емтихан аяқталған соңғы күні біліктілік берілгені туралы электронды хаттамаларды, білім алушының жеке куәлігінің электронды көшірмелерін тіркеуші-офиске беруді;


- университет архивіне электронды пошта арқылы қорытынды мемлекеттік аттестаттау хаттамалары мен ведомостарын, білім алушылардың барлық оқу кезеңіндегі жетістіктерінің бекітілген электронды жиынтық ведомостін (суретін) беруді;

- техникалық хатшымен бірге дипломдар мен транскрипттерді беруге «Құжатайналымы» АЖО арқылы білім беру бағдарламасы білім алушыларының жеке куәліктерінің электронды көшірмелерімен WORD форматындағы файлды бекітіп, электронды сұраныс жасауды.

Кафедра меңгерушісі бітірушілерге тиісті білім беру бағдарламалары бойынша «бакалавр/магистр» академиялық дәрежесін беру туралы бұйрық шыққаннан кейін үш күн ішінде техникалық хатшыдан білім беру бағдарламасы қорытынды аттестаттау комиссиясының электронды портфолиосын (БББ ҚА ЭП) алады.

Академиялық дәреже берілгені туралы дипломды, транскриптті (түпнұсқаны) алу үшін білім алушы шығу парағынан өтуі тиіс. Шығу парағының бланкісін институт директоры береді, кафедра меңгерушісі бақылайды.

Оқу процесінің тіркеуші  
офісінің бастығы

 А.Т. Үргенішбеков

Академиялық саясат  
басқармасының басшысы



Ж.М.Майгельдиева